

# Ежелгі Қытай философиясы

A wide-angle, high-altitude photograph of a majestic fjord. A vibrant turquoise river winds through the center of the valley, flanked by towering, steep mountains. The slopes are covered in dense green forests, with patches of snow visible on the higher peaks and in the distance. The sky is filled with soft, white clouds, creating a dramatic and serene atmosphere. The overall scene is one of natural grandeur and beauty.

## Қытай философиясының қалыптасу кезеңдері:

- б.д.д.VII ғ.-IIIғ. Ежелгі ұлттық философиялық мектептердің пайда болуы мен қалыптасуы.
- б.д.д III - XIX ғ.ғ –Қытайға үндіден буддизмнің енуі (б.д.д.III) және оның ұлттық философиялық мектептерге ықпалы.
- б.д.XX ғ. Қазіргі кезең Қытай қоғамының туықтығының жойылып Қытай философиясының европалық және әлемдік философия жетістіктерімен баюы.

**Қытайдың ежелгі ұлттық философиялық  
ілімдері:**

*даосизм*

*конфуциандық*

*легизм*

**Кең таралмаған ілімдері:**

*моизм*

*натурфилософия*

*чань- буддизм*

## Қытай философиясында көрініс берген қытайлық дүниетанымның жалпы сипаты:

- 1.Өз елін- Қытай дүниенің кіндігі деп есептеу;
- 2.Көк пен жер арасындағы жауапкершілікті әрбәр адам сезіну;
- 3.Жеке оқиғаларды, тарихты, циклды процесс деп ұғыну;
- 3.Адамды, табиғатты, космосты біртұтас деп қабылдау;
- 4.Консерватизм, өткенді дәріптеу, жаңалық алдындағы үрей қорқыныш;
- 5.Коллективті сана: жеке адамның өз өзін коллективтен бөлінбес тұтастықта қарастыруы;
- 6.Мемлекет алдында қорқыныш және құрмет;
- 7.Қоғамда вертикальды байланыстардың, субординациялардың кең тарауы;
- 8.Мемлекет басшысын – ең жоғарғы біріктіруші күш, ал мемлекет- қоғамды біріктіруші күш ретінде қабылдау;
- 9.Императорлардың қызмет билігін құдіретті, тұлғасын Аспан ұлы, Тәңірінің жердегі елшісі деп қабылдау.
- 10.Өзара қатынастағы конформизм: тыныштық пен әрекетсіздікті жақтау, насихаттау;
- 11.О дүниені емес, бұл дүниелік өмірді жоғары бағалау, оны- мүмкіндігінше ұзартуға ұмтылу;
- 12.О дүниелік күштерді реалды деп түсіну, ата – баба әруақтарын құрметтеу, ата-анаға, үлкенге ізет – құрмет;

# Қытай философиясындағы өзекті ұғымдар

Ежелгі Қытай философиялық дәстүрі бойынша адам үш түрлі космостық энергияның жиынтығы болып табылады:

**1. цзин**

**2. ци**

**3. шэнь**

**Цзин**-тіршіліктің, жаратылыстың туылу, пайда болу қуаты. Оны әдетте тірі тіршіліктің, организмнің «тамыры», «ұрығы» деп атайды. Бұл психофизиологиялық қуат екі түрге жіктеледі:

- «Алдыңғы Аспан ұрығы» - адамға туа біткен гендік программа, денелік – тәндік ерекшеліктер;

- «Кейінгі Аспан ұрығы» - адамның өмір бойғы әрекеттерінің сипаты. Сонымен қатар цзин сексуалды энергияны да білдіреді.

**Ци** – дүние тіршіліктің құрылыс материалы қызметін атқаратын материалдық –рухани энергия. Ци энергиясы былай жіктеледі:

- заттық ци арқасында заттар мен тірі организмдер материалды формаға ие болады.

- рухани ци – адам мен тірі тіршілікті

**Шэнь** – адам тұлғасының негізін құрайтын және өлімнен соң жойылмайтын адам бойындағы сарқылмас рухани энергия.

**Мұндай 3 түрлі космостық энергиядан өзге қытай философиясы екі түрлі сексуалды энергияны бөледі:**

*1.Инь-ерлік бастама, сексуалды энергия;*

*2.Янь - әйелдік бастама, сексуалды энергия;*

Бүкіл тіршілік екі қарама қарсылықтан тұрады:тірі табиғатта адамдар, жануарлар, ер - әйелге бөлінсе, өлі табиғатта инь және янь бар. Қытайлық дүниетаным бойынша тірі және өлі табиғат, бүкіл дүние тіршілігі негізінде Тай-цзи-ян мен иньнің бірін – бірі өзара толықтыруы, алмастырылуы, бірлігімен күресі жатыр.

Янь тобы	Инь тобы
Жарық	Қараңғы
Еркек	Әйел
Аспан	Жер
Жоғарғы	Төменгі
Күн	Ай
Сыртқы	Ішкі
Жылы	Салқын
Белсенді	Енжар
Қозғалыс	Тыныштық
От т.б.	Су т.б.



Инъ мен Яньның өзара әсері бүкіл әлемдік құбылыстардың мәнін анықтайды. Мұндай қызметті олар адамның өмірі мен парасаты іс- әрекетінде де, таным процесінде де байланысты атқарады. Инъ және Янь бүкіл әлемдік хаосты реттеуші бастау болып табылады. Инъ Янь бір – бірінсіз өмір сүрмейді.

Б.д.д. VIII-V ғасырларда ежелгі Қытай философиясының «инь», янь теориясы «ци» концепциясымен толықтырылды.

У- син ілімінің қалыптасуы Цзоу Янь есімімен байланысты. Бұл ілім заттар мен құбылыстардың негізгі даму кезеңдерін бақылау нәтижесінде қалыптасқан. Кез –келген зат немесе құбылыс мынадай даму кезеңдерден өтеді:

*Жаралу, пайда болу.....символы ағаш;*

*Ең жоғарғы белсенділік .....символы от;*

*Торығу.....символы металл;*

*Ең төменгі енжар..... символы су;*

У-син ілімі Инь мен Яньды зерттеу барысында пайда болғандықтан бес элементтер арасындағы байланыстар қарма-қарсы түрде болады. Конструктивті (бір біріне оң әсер ететін) байланыс. Су – отты өшіріп жояды. От металлды балқытып, оның күшін жояды. Металл ағашты жояды. Ағаш тамырлары мен жерді бұзады. Жер суды сіңіріп жояды.

Ежелгі Қытай философиясында әлемнің әр затын немесе құбылысын осы бес элементтермен байланыстырылады. Мысалы адамды алатын болсақ,, онда оның ішкі органдарын мынадай түрге жіктеуге негіз бар: бүйрек су элементіне жатады, бауыр ағашқа, жүрек отқа, өт жерге, өкпе металға. Бір қызығы қазіргі заманда медициналық зерттеуге жүгінсек, аталған органдар арасындағы оң және теріс байланыстардың жиынтығы екендігін дәлелдегеніне көз жеткізуде. Сөйтіп, Инь мен Янь, У-син ілімдері ежелгі Қытайлықтардың дүниетанымының негізін құрайды.

# Даосизм


Дүние құрылысы мен тіршілігінің адам, табиғат, космостың байланыс жүйелерін түсіндіруге тырысатын қытайдың ең ежелгі философиялық ілім. Негізін қалаушысы б.д.д VI ғасырдың соңы мен Vғ. Басында өмір сүрген Лао-Цзы («Қарт ұстаз»).

Өзекті ұғымдары:

«Дао» және «Дэ»

**Дао ұғымы екі мағына береді:**

- бүкіл дүние жаратылған бастапқы негіз(субстанция)
- әлем тіршілігін қамтамасыз ететін универсалды заң, адам және табиғат дамуында сақталуға тиісті жол.



**Лао-Цзы («Қарт ұстаз»)  
Даосизмнің негізін қалаушы**

Дә бастапқы Даоны дүниеге айналдыратын,  
жоғарыдан келген күдіретті энергия.

Даосизмнің негізгі қайнар көзі ретінде Дао де  
цзин. Әлемнің түпнегізі, субстанциясы ретінде  
«Дао» ұғым кітапта мынадай сипаттама берілген:

Аспан жерден бұрын пайда болады.

Дыбыссызықта, жайбарақаттылықта

Тәуелсіз өзгермей тұрады

Жойылмай шеңбер бойымен қозғалады.



Осы тұрғыдан алғанда, дао заттардың күретамыры, жаратушы, өзгертуші күш болып табылады. Бұл мағынада Даосизм данышпандары Даоны көбінесе бос кеңістік ретінде қарастырған. Ол – барлық нәрсені қоректендіретін «әлем анасының» жатыры тәріздес. Барлық заттар Даодан бастама алып, ең соңында оған қайта оралады.

**Екіншіден** «дао» дао тікелей «жол» деп аударылып, «жаратылыс заңы» ретінде қолданылады, яғни Дао заттардың дамуының табиғи жолы: пайда болуы; өмір сүруі және жойылуы. (Даоға оралу).

Дә адамның тірішілігінде, өмір сүру барысында У-вей принципі арқылы орын алады. Даосизм мектебі У-вей принципін уағыздады. Бұл принциптің мағынасы «табиғи күйге араласпау» дегенге келіп саяды.

Мысалы, ағашты өссін деп төбесінен тартып-тартып, созып-созып қойып отырудың қажеті жоқ. Табиғи күйге араласу осындай әрекетпен бірдей. Сондықтан У-вей принципін ұстану дегеніміз:

Табиғат заңдарына қарсы шықпау, іс-әрекеттерді оларға сәйкестендіру.

«заттың мөлшерін бұзбау, алтын ортаны» сақтау.

Сонымен даосизм философиясы адам мен табиғат арасындағы қатынасты үйлестіруге бағытталады.

# Даоның екіұдайылығы

Жалғыз, басқадан бөлек	Барлығын қамтиды(су сияқты барлығына енеді)
Тұрақты, тыныштық күйдегі әрекет	Дүниемен бірге өзгереді,әрекеттенеді
Сезім таным арқылы қабылданбайды	Сенім, ұғым арқылы қабылданады
Сөзбен сипаттауға келмейді, атаусыз, есімсіз	Символдық есім арқылы белгіленеді, беріледі.
Тәнсіз	Жоғары ақиқатқа ие ұсақ бөлшектер тереңінде жасырылған.
Өте ұсақ	Шексіз
Бос	Түпсіз
«бейболмысты тудырып Аспан мен жерге бастама береді»	Бүкіл болмысты тудырады, «сансыз заттардың» бастауы, арғы тегі.

## Конфуциандық ілім

Негізін қалаушы б.д.д.

551-479ж.ж. өмір сүрген

**Конфуций(Кун-фу-цзы)**

« ұстаз-кун».

Конфуций шәкірттерінің жазбаларынан құралған

«ұстазбен болған сұхбаттары»

туралы «Лунь- Юй» біздер

үшін Конфуций ілімі туралы

мәлімет көзі болып табылады.

Конфуций ілімі адамды бірінші

әлуметтік өмірдің мүшесі

ретінде қарастыратын ежелгі

философиялық мектеп.



**Конфуций(Кун-фу-цзы) « ұстаз-кун»**

## **Конфуциондық қарастыратын негізгі сұрақтар:**

- адамды қалай басқару керек?
- қоғамда өзін қалай ұстау керек?
- Конфуций іліміндегі алтын ереже «жэнь-адамсүйгіштік»
- өзіңе тілемейтінді өзгеге жасама».

## **Конфуций ілімінің басты қағидалары:**

- қоғамда және қоғам үшін өмір сүру;
- патшаға бағыну;
- жасы мен жағдайы үлкен, атағы жоғарыларды тыңдау;
- адамгершілікті сақтау;
- ұстамды болу, шектен шықпау, ұштарлыққа салынбау;
- бір-біріне жол беру, өзара ізет-ілтипат;

**Конфуций ілімі басшы, жетекші қандай болу керек деген сұраққа мән береді, көп тоқталады. Басшы, жетекші:**

патшаға бағынады, конфуциандық қағидаларды сақтайды, қажетті білімдерді игерген, еліне қызмет ететін патриот, биікті көксейтін, жоғарғы мақсаттарға ұмтылатын, ізгілікті, мемлекетке, айналасындағыларға тек жақсылық жасайтын, мәжбүр ету ғана емес, үлгі көрсету, түсіндіру арқылы ықпал ететін, қол астындағылардың және мемлекеттің қамын ойлайтын болу керек.

**Бағыныштылар:** басшыға, жетекшіге  
құрмет көрсететін, жұмыста тыңғылықты  
болуға, үздіксіз оқу және өзін-өзі  
жетілдіруі тиіс.



**Легистер (заңгерлер), негізгі өкілдері:**

- Шан Ян (б.д.д. IV ғ),
- Хань-Фэй-цзы (шамамен б.д.д, III ғ).

Легистер конфуцийшылдардың мемлекеттегі әдептілікке негізделген заңдарды жүзеге асыру арқылы басқару керек деген пікірлеріне қарсы болып, керісінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады, себебі, "Мейірімділік пен адамгершілік" - қылмысқа апаратын бірден-бір жол, ал шын қайырымдылық өзінің бастамасын жазалаудан алады деп уағыздайды. Сөйтіп, легистер ар-ожданнның орнына қорқынышты дәріптейді.

**Елде тәртіпсіздік болмас үшін, олар келесідей қағидалар ұсынды:**

1. мақтаудан жазалау көп болу керек;
2. аямай жазалау арқылы халық арасында үрей тудыру қажет;
3. ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар үлкен қылмыс жасамайтын болады;
4. адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек.

Осы қағидаларды бұлжытпай орындағанда ғана халық билеушінің айтқанын екі етпей орындайды және керек болса, өлім

Конфуцийшілдердің мемлекет - үлкен отбасы, оның басшысы - халықтың әкесі деген ілімінің орнына легистер: мемлекет - өз аясына бір машина сияқты құбылыс, билеуші, өзін ата-баба аруағынан да, халықтан да, аспаннан да жоғары қоятын деспот деді.

### **Мемлекеттің негізгі мақсаттары:**

1. ұсақ патшалықтарды біріктіріп, Аспан аясындағы (Қытай) мемлекет құру;
2. осы мемлекетке басқа халықтарды бағындыру.

Конфуцийшілдер мен легистердің арасындағы күрес көп жылдарға созылды. Тіпті қазірдің өзінде де осы философиялық бағыттарды жақтаған немесе қарсы шыққан саяси топтардың кездесетінін ескерткен артық болмас.



**Назарларыңызға рахмет!**